

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Хаттама № 9 « 22 » сәуір 2025ж.

БЕКІТЕМІН
Факультет деканы
Каймулдинова К.Д.



8D05203 – География

**білім беру бағдарламасы бойынша
докторантураға түсушілерге арналған
БАҒДАРЛАМА**

Алматы, 2025

**8D05203 – География білім беру бағдарламасына докторантураға
түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы**

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

№	Блогы	Балы
1	Сұхбаттасу	30
2	Эссе	20
3	Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы		100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

8D05203 – География білім беру бағдарламасына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады

8D05203 – География білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі пәндерді қамтиды:

1-пән. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау

2-пән. Географиядағы үлгілеу және болжам жасау

3-пән. Географияның теориялық және әдіснамалық мәселелері

1-пән. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау

1-тақырып. Ғылымның теориялық және әдіснамалық негіздері.

Ғылым табиғат, қоғам және ақыл-ой жөніндегі білімнің тарихи қалыптасқан жүйесі ретінде. Ғылыми танымның мәні. Білім жүйесі мен ғылыми қызметтің элементтері: түсініктер, түсінік аппараты, ғылыми заң, теория, ғылыми проблема, гипотеза, идея. Заң - теориялық білімді талдаудағы басты категория. Ғылыми теория зерттеу нысанының заңдылықтары мен маңызды байланыстары жөнінде біртұтас ұғым беретін ғылыми білімнің ұйымдасуының ең жоғарғы үлгісі ретінде.

2-тақырып. Ғылыми проблеманың сапалық ұстанымдары.

Ғылыми проблеманың қоректілігі, өзектілігі, құндылығы, шынайылығы. Гипотеза тәжірибеге алып баратын, ғылыми негізделген болжам ретінде. Гипотезалардың негізгі түрлері. Ғылыми идея туралы түсінік.

3-тақырып. Ғылыми зерттеу қызметін ұйымдастырудың практикалық негіздері.

Ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастырудың практикалық және қолданбалы негіздері. Эксперимент базасы туралы түсінік. Ғылымның практикамен байланысы. Ғылым нәтижелерін практикада қолдану. Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау. Жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік тапсырыс (грант) беру жүйесі. Ғылыми лабораториялар мен ғылыми-өндірістік бірлестіктердің қызметі.

4-тақырып. Инновациялық ғылыми технологиялар.

Ғылыми танымның қазіргі әдістері. Географиялық зерттеулерде геоақпараттық жүйелер технологиясын пайдалану. Ғарыштық түсірілімдерді географиялық маңызы. Ғарыштық түсірілімдерді бажайлау (дешифровка) жасау.

5-тақырып. Ғылыми зерттеулердегі мультимедиялық технологиялар. Ғылыми-техникалық ақпарат базасын толықтыруда ғаламдық ресурс жүйелерінің маңызы. Технологиялық парктер: құрылымы, ұйымдастыру және қызмет ету ерекшеліктері. ҚР технопарктері және олардың қызметі.

6-тақырып. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру ұйымдар кезеңдері.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі кезеңдері. Зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау. Ғылыми проблеманың теориясы мен зерттеу әдістемесімен танысу. Зерттеу нысанын ажырату. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтердің шынайылығын, біртектілігін, салыстыруға болатындығын және толыққандылығын бағалау. Алынған

мәліметтерді әртүрлі әдістер көмегімен, соның ішінде статистикалық-математикалық, өңдеу және талдама жасау. Қорытындылау мен ұсыныстар жасау кез келген ғылыми зерттеудің қорытынды кезеңі ретінде. Қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми негізделуі. Зерттеу нәтижелерін ресімдеу. Ғылыми есепті дайындау.

7-тақырып. Қазақстан Республикасында ғылыми кадрларды даярлау жүйесі.

ҚР ғылыми мекемелер мен ұйымдар. ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрылымы мен қызметі. Ғылымның жеке салалары бойынша ғылыми-зерттеу орталықтары. Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары. Ғылыми-өндірістік бірлестіктер. Тәжірбиелік- конструкторлық мекемелер.

8- тақырып. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) ұйымдастыру.

Магистратура мен докторантурада ғылыми қызметкерлерді дайындауды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Ғылыми және ғылыми- педагогикалық қызметкерлерді жоспарлы түрде дайындау және мемлекеттік аттестациядан өткізу. ҚР ғылыми атақтар мен дәрежелер.

9-тақырып. Ғылыми ақпарат және ақпаратты іздестіру жолдары. Бастапқы мәліметтерді жинақтау. Ғылыми ақпарат алынатын дерек көздері. Бастапқы дерек көздерімен жұмыс. Алфавиттік және жүйелік каталогтар. Басылымдардың түрлері: ресми, ғылыми, оқу және анықтамалық.

10- тақырып. Ресми ғылыми ақпарат көздерімен жұмыс істеудің ерекшеліктері.

Ғылыми ақпарат көздерінің библиографиясын құрастыру. Ғылыми ақпаратқа талдама жасау. Ақпарат іздестіру бағдарламалары. Ғылыми ақпаратты іріктеудің ерекшеліктері.

11-тақырып. Ғылыми жұмыстардың түрлері. Хабарлама. Реферат. Баяндама. Курстық және дипломдық жұмыстар. Диссертация. Ғылыми жұмыстардың мазмұндық ерекшеліктері және оларды рәсімдеу. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін жариялау. Ғылыми басылымдар. Баяндама тезистері. Монография. Ғылыми көпшілік басылымдар. Оқулықтар.

12- тақырып. Географиялық зерттеулерді ұйымдастыру әдістемесі. География ғылымдары саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың негізгі кезеңдері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Комлацкий В. И., Логинов С.В., Комлацкий Г.В. Планирование и организация научных исследований: учебное пособие. Ростов-на-Дону: Феникс, 2014. - 208 с.
2. Организация, формы и методы научных исследований: учебник /А.Я. Черныш, Н.П. Багмет, Т.Д. Михайленко, Е.Г. Анисимов, И.В. Глазунова, Н.Г. Липатова, Ю.И. Сомов. - М.: Изд-во Российской таможенной академии, 2012. - 320 с.

3. Голубчик М.М. и др. Теория и методология географической науки: учебное пособие. - М.: ВЛАДОС, 2013. – 463 с.
4. Әлжанова Н.Ш. Жобаларды талдау: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012.-163 б.

Қосымша:

1. Волокитин, А.В., Волокитина, И.Е. Организация и основы научных исследований и планирование эксперимента : Учебное пособие. / Карагандинский гос. индустриальный ун-т. - Темиртау: КГИУ, 2013. - 80 с.
2. Каймулдинова К.Д. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау: Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ.- Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015 .- 107 б.
3. Кенжебай Р. Н. Географияның зерттеу әдістері / Кенжебай Р. Н., Аманбаева М. А., 2020. - 221 с.
4. Каймулдинова К.Д. Қазіргі дүние географиясы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. — Алматы, 2011. — 333 б.
5. Новиков Д.А., Суханов А.Л. Модели и механизмы управления научными проектами в ВУЗах. - М.: Институт управления образованием РАО, 2005. – 80 с.
6. Францифоров Ю.В., Павлова Е.П. От реферата к курсовой, от диплома к диссертации - М: Книга сервис, 2003. - 128 с.
7. Кузьбожев Э.Н., Козьева И.А., Световцева М.Г. Экономическая география и регионалистика (история, методы, состояние и перспективы размещения производительных сил): учебное пособие. — М.: Высшее образование, 2007. — 540 с.
8. Н.М. Светлов, Г.Н. Светлова. Информационные технологии управления проектами: Учебное пособие. М.: ФГОУ ВПО РГАУ–МСХА им. К.А. Тимирязева, 2007. - 144 с.
9. Концепция развития проектного менеджмента в Республике Казахстан на 2010 – 2020 годы. — Астана, 2010
10. Локк Д. Основы управления проектами. Перевод с англ. – М.: НІРРО, 2004. – 253 с.
11. Richard D. Jarrard. Scientific methods: an online book: Dept. of Geology and Geophysics, University of Utah, 2011.

2-пән. Географиядағы үлгілеу және болжау

1-тақырып. Модель – географиялық зерттеу әдісі.

Үлгілердің түрлері: логикалық, физикалық, математикалық, имитациялық үлгілер. Тюнен үлгісі. Сипаттаушы, түсіндіруші үлгілер.

2-тақырып. Географиядағы математикалық үлгілеудің мәні.

Қазіргі заманғы географияның математикалануы. Математикалық-географиялық үлгілеудің кезеңдері

3-тақырып. Статистикалық-математикалық үлгілерді ақпаратпен қамтамасыз ету.

Рангтерге жіктеу әдістемесі. Матрицаны өңдеу. Жіктеу үлгілері. Географиялық деректер матрицасын жасау.

4-тақырып. Географиялық болжаудың түрлері.

Географиялық болжаудың өзара байланысқан кезеңдері. Географиялық болжаудың жіктемесі. Болжамдарды аспектілік белгілері бойынша жіктеу

5-тақырып. Қоршаған орта өзгерістерін болжау концепциялары.

Географиялық ахуал концепциясы. Аумақ пен аумақтық ресурстар концепциясы. Аудандастыру міндеттеріне қатысты үлгілер.

6-тақырып. Елді мекендерді үлгілеу заңдылықтары. Елді мекендерді орналастыру схемасы.

Елді мекендердің кеңістік орналасу үлгілері. Қалалар орналасуының мінсіз үлгілері. А. Леш, Лоури, Кристаллер, Дж.Кольба үлгілері

7-тақырып. Қалалардың құрылымдық үлгілері. Қалалардың зоналануы.

Қала аумақтарының негізгі кеңістіктік үлгілері. Қалалардың функционалды зоналары және олардың орналасу үлгілері. Қала халқы тығыздығын үлгілеу.

8-тақырып. Географиядағы торлық үлгілер.

Елді мекендер иерархиясы. Ципф ережесі. Вебер үлгісі. Шеффленің гравитациялық үлгісі

9-тақырып. Өнеркәсіпті орналастыру инерциясы және оның көшіп-қонуы. Тинберген үлгісі.

Өнеркәсіпті орналастыру факторлары. Рикардоның салыстырмалы басымдылық заңы. Тинбергеннің өнеркәсіпті орналастыру үлгісі.

10-тақырып. Мультипликатор үлгісі. Инновациялар диффузиясы.

Р. Канның мультипликатор ұғымы. Мультипликатор үлгісі. Инновациялар диффузиясының кеңістікте таралу типтері.

11-тақырып. Ауыл шаруашылығының кеңістік үлгілері.

Ауыл шаруашылығы өндірісін құрылымдық тұрғыдан үлгілеу. Блок-сызбалар. Карталар.

12-тақырып. Ауыл шаруашылық әлеуетіне факторлық талдау.

Агроклиматтық карталар. Ауыл шаруашылығы дамуының факторларын үлгілеу. Ауыл шаруашылық жүйелердің үлгілері

13-тақырып. Табиғи жүйелерді үлгілеудің теориялық негіздері.

Физикалық-географиялық зерттеулердегі үлгілеу міндеттері. Редукциялау және интеграция принциптері. Вербалды, графикалық, матрицалық үлгілер.

14-тақырып. Физикалық географиядағы баланстық және иерархиялық үлгілер.

Корреляциялық талдау. Факторлық талдау. Баланстық үлгілер. Геожүйедегі иерархиялық байланыстарды үлгілеу.

15-тақырып. Табиғи факторларды бағалау мен болжаудың принциптері.

Функциялық, даму, эволюция, апатты және қалпына келу сукцессиялары. Тренд – жалпы бағыт, тенденция.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Маликов Р. Ф. Основы математического моделирования. Учебное пособие для вузов. – М., 2010 – 368 с.
2. Каймулдинова К.Д. Қазіргі дүние географиясы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы, 2011. – 333 б.
3. Плотинский Ю.М. Модели социальных процессов: Учебное пособие для высших учебных заведений. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - М.: Логос, 2011.- 296 с

Қосымша:

1. Замятин Д.Н. Культура и пространство. Моделирование географических образов. - М.: Знак, 2006. - 486 с.
2. Гусев Е.М. Моделирование тепло- и влагообмена поверхности суши с атмосферой - М.: Наука, 2010.- 326 с.
3. Голубчик М.М. и др. Теория и методология географической науки: учебное пособие. - М.: ВЛАДОС, 2005. – 463 с.
4. Гусева Е.Н. Экономико-математическое моделирование. Учебное пособие. – С., Флинта, 2011. - 216 с.
5. Капралов Е.Г., Кошкарев А.В., Тикунов В.С.и др. Геоинформатика. Кн. 2: учебник для студ. высш. учеб. заведений / под ред. В.С.Тикунова. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Издательский центр «Академия», 2008. — 384 с.

3-пән. Географияның теориялық және әдіснамалық мәселелері

1-тақырып. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері. Географияның даму тарихы.

Ежелгі дүниедегі географиялық идеялар мен географиялық түсініктердің қалыптасуы. Орта ғасырдағы география және Ұлы географиялық ашылулар. Мануфак-туралық өндіріс және сауда кезеңіндегі географияның дамуы. Капитализмнің даму кезеңіндегі жаңа географияның бастамасы. Қазіргі географияның қалыптасуы және географиялық модернизм. Географиялық зерттеулерді экологияландыру, ізгілендіру және ғаламдандыру. Қазақстандағы гео-графиялық ғылымның даму тарихы.

2-тақырып. География ғылымының теориялық және әдіснамалық мәселелері.

Ғылым салаларының қалыптасуы, географияның ғылым саласы ретінде дамуы. Географияның теориясы және әдіснамасының иерархиялық (сатылық) кестесі. Географиялық заңдар мен заңдылықтар.

3-тақырып. Ғылыми білім иерархиясы: ілім.

Жалпы ғылыми ілім. Жалпы географиялық ілім. Физикалық географиялық ілім. Әлеуметтік-экономикалық география ілімдері.

4-тақырып. Әлемнің ғылыми және географиялық бейнесі.

Әлемнің ғылыми бейнесі туралы ұғым. Әлемнің жалпы ғылыми, жаратылыстану-ғылыми және қоғамдық-ғылыми бейнесі. Әлемнің географиялық бейнесі.

5-тақырып. Геожүйелік қағида – қазіргі географияның әдістемелік негізі.

Географиялық қабықты жүйелі танудағы физикалық-географиялық қағидалар. Геожүйе, геомер, геохор, геотоп ұғымдары.

6-тақырып. Географияның құрылымдық-динамикалық бағыттарының дамуындағы алғы шарттар.

Қазіргі географияның қалыптасуы. Жаңа заман географиясы. Географиялық модернизация (заманға сәйкес жаңғырту). Географиялық зерттеулерді экологияландыру мен ғаламдандыру.

7-тақырып. Географиялық ландшафтар туралы ілім.

Ландшафтану туралы түсінік, оның дамуына үлес қосқан ғалымдар. Ландшафтану компоненттері және оны түзуші факторлар. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ландшафтардың типке бөлінуі. Ландшафтанудың негізгі бағыттары.

8-тақырып. Әлеуметтік-экономикалық география ілімі.

Экономикалық-географиялық орны туралы ілім. Географиялық еңбек бөлінісі туралы ілім және оның категориялары. Шаруашылық пен қоғамды аумақтық ұйымдастыру туралы ілім.

9-тақырып. Картографиялық теориялар және географиялық картографияның базалық ғылыми тұжырымдары.

Географиялық картографияның теориялары. Геобейнелеу теориялары. Картографиялық тұжырымдар. Картографиялық әдістер.

10-тақырып. Жалпы географиялық және физикалық-географиялық тұжырымдар мен болжамдар.

Жалпы географиялық тұжырымдар: геотехникалық жүйелер, қоршаған ортаны мониторингілеу, географиялық сараптау тұжырымдамалары. Физикалық географияның морфоқұрылымдық тұжырымдамасы. Табиғатты пайдалану тұжырымдары: табиғи-ресурстық потенциал, ресурстық циклдер тұжырымдамалары. Әлеуметтік-экономикалық тұжырымдар. Әлемнің пайда болуы, «жылыжай эффектісі», Жер шары халқы санын тұрақтандыру туралы болжамдар.

11-тақырып. Географиялық ойлау.

Географиялық ойлау ұғымының мәні мен құрылымы. Географиялық ойлау тәсілдері – дәстүрлі және жаңа тәсілдер.

12-тақырып. Географиялық әдістер.

Әдіс ұғымы, әдістерді топтау, ғылыми әдіс – эмпирикалық және теориялық әдістер. Жалпы географиялық әдістер.

13-тақырып. Географиялық ғылыми тіл.

Географиялық ғылыми тілге жалпы сипаттама. Географиялық ұғымдар мен терминдер. Ғылыми фактілер, сандар мен даталар. Географиялық атаулар мен түсініктер (бейне). Географиялық карта тілі.

14-тақырып. Географияның даму болашағы.

Қазіргі географиялық ғылымның даму ерекшеліктері. Географиялық

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Исаченко А. Г. Теория и методология географической науки. М.: Академ. - 2004.- 397 с.
2. Әбілмәжінова С.Ә., Джангельдина Д.И., Бейкитова А.Н. Палеогеография. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. А, 2011. – 350 б.
3. Каймулдинова К.Д. Қазіргі дүние географиясы. Оқулық. – Алматы, 2011. -275 б.
4. Саушкин Ю.Г. Экономическая география: История, теория, методы, практика. М.: Мысль, 1973. 559 с.
5. Максаковский В.П. Географическая культура: уч.пособ. для студентов вузов. – М.: ВЛАДОС, 1998. – 416 с.
6. Есмұрзаева А.Қ. Ландшафттану және табиғи-техногендік кешендер. Оқу құралы. – Алматы, 2010.
7. Солнцев Н.А. Учение о ландшафте. Изб. тр. М.: Изд-во Моск. ун-та, 2001. 383 с.
8. Құсайынов С.А. Жалпы геоморфология. Алматы: Қазақ Университеті, 2006 ж. – 316 б.
9. Бахытбекова Ш. М. География ғылымдарының тарихы : оқу құралы / Ш.М. Бахытбеков, Н.Ж. Әбдікерімова, Н.Л. Ибраимов. - Алматы : Эверо, 2019. - 144 б.

Қосымша:

1. Мукитанов, Н. К. От Страбона до наших дней: эволюция географических представлений / Н. К. Мукитанов. - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2010. - 234 с.
2. Пузаченко Ю.Г. Методологические основы географического прогноза и охраны среды. М.: УРАО, 1998. 211 с.
3. Баранский Н.Н. научные принципы географии: Избр. труды. – М.: Мысль 1980.
4. Наше общее будущее // Доклад Межд. комиссии по окружающей среде и развитию. – М.. Прогресс, 1989.
5. Мересте У.И., Ныммик С.Я. Современная география. Вопросы теории. – М.: Мысль, 1984.
6. Максаковский В.П. Научные основы школьной географии. – М.: Просвещение, 1982.
7. Герасимов И.П. Экологические проблемы в прошлой, настоящей и будущей географии мира. – М.: Наука, 1985.
8. Преображенский В.С., Александрова Т.Д., Максимова Л.В. География в меняющемся мире. Век XX. М., 1997. 273 с.

9. Сочава В.Б. Введение в учение о геосистемах. – Новосибирск: наука, 1978.
10. Проблемы теоретической геоморфологии. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1999. - 511с.
11. Берлянд А. М. Картографический метод исследования. М.: Изд-во Моск. ун-та, 1988. - 252 с.
12. Котляков В.М. География в меняющемся мире. М.: Наука, 2001. - 411с.
13. Мильков Ф.Н. Вузовская физическая география: периоды ее развития и характерные черты как фундаментальной науки. Воронеж: Изд-во Воронеж, уни-та, 1984. - 304 с.
14. Мироненко Н.С. Страноведение. Теория и методы. М.: АспектПресс, 2001. 266 с.
15. Герасимов И.П. Советская конструктивная география: задачи, подходы, результаты. М.: Наука, 1976. - 207 с.
16. Поросенков Ю.В., Поросенкова Н.И. История и методология географии. Воронеж: Изд-во Воронеж, ун-та, 1991. - 221с

**8D05203 – География білім беру бағдарламасы бойынша эссе
тақырыптары:**

1. «Бір жол - Бір белдеу» халықаралық жобасы аясында елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту перспективалары мен мүмкіндіктері
2. Әлемдік экономиканың жаһандық трендтері
3. Әлемдік дамудың қазіргі тенденциялары және бәсекелестік проблемалары
4. Қазақстанда жасыл экономиканы дамыту
5. Қазақстан Республикасының Орталық Азиядағы геоэкологиялық негізгі бағыттар
6. Әлемнің шиеленісті аймақтары және жаһандық қауіпсіздік
7. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдаудағы халықаралық ұйымдардың рөлі
8. Географияның қазіргі дүниедегі рөлі
9. Дүниежүзі экономиканың жаһандану драйвері ретінде әлемдік қалалардың даму перспективалары
10. Климаттың ғаламдық өзгерістерінің экономикаға әсері
11. Демографиялық өзгерістер және урбанизация: географиялық трендтер
12. Қалалардың тұрақты дамуы: жоспарлаудың географиялық аспектілері
13. Дүниежүзілік геосаяси конфигурация: табиғи шекаралардың әсері
14. Глобализация және оның әлемдік мәдени ландшафттарға әсері
15. Глобализация жағдайында халық миграциясының экологиялық салдары

Құрастырушы:

Боранкулова Д.М. - г.ғ.к., қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы